

Мақсат Ділтан

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан Республикасы

Б. Ә. ЖАМАНБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Хор дирижері мамандығы педагогикалық, методикалық, ұйымдастырушылық, орындаушылық дағдыларының жан-жақты қызметін біріктіреді. Аталған бағыттар хор дирижері мамандығының бір жиынтықта тығыз байланысты музыкалы-орындаушылық қабілеттілігі және нақты міндеттерді шешу дағдыларымен, тыңдаушылардың жалпы музыкалық мәдениетін кұруға бағытталған. Сәйкесінше, хор дирижері мамандығының ерекшелігі шығармашылық біліктілігін арттыру және дирижерлау технологиясын жеткілікті меңгеру маңызды. Дирижерлау өнері – музыкалық орындаушылық пен музыкалық педагогиканың ең аз зерттелген аумағы. Қазіргі таңда дирижерлау техникасы, оқыту әдістемесі мен оның рөлі қарастырылатын мәселелерді ұсынады.

Жаманбаевтың шығармашылық қызметі 1967 жылы Алматы консерваториясында білім беріп, өнер жолындағы еңбегі еліміздің Абай атындағы опера және балет театрында хормейстер, симфониялық және опералық дирижер болып басталды. Б. Ә. Жаманбаев– еліміздің жетекші дирижер-хормейстерлерінің көшбасшысы. Өзінің педогогикалик шеберлігімен көптеген алдыңғы қатарлы, үздік мамандардыдайындады. Олардың ішінде лауреаттар, өнер қайраткерлері, еңбегі сіңген қызметкерлер, атап айтсақ: М. Ахмадиев, Л. Айдарбекова, А. Мұхитдинов, С. Бәйтерекөв, Б. Рахимжанов,Ғ.Берекешев, Я. Рудковский, тағы басқалар бар.

«1970-1988 жылдар аралығында Базарғали Жаманбаев Абай атындағы опера және балет театрында бас хормейстер қызметін атқарды. Бұл жылдар республикамыздың театр тарихында және музыка мәдениетінде хор ұжымдарының кәсіби деңгейінің елеулі өсуі байқалды. Айтарлықтай, қазақ опера театрының Мәскеудегі сәтті аяқталған гастролы және СССР «Үлкен театрында» өнер көрсетуі орталық және республикалық баспасөзде бірнеше рет жазған»[1,23].

Шығармашылық пен ұстаздықты қатар алып жүрген Б. Ә. Жаманбаев студенттермен жұмыс жасауы, оқыту әдістемесі ерекше. Жалпы хор дирижері мамандығы бұл – терең ойды, мінсіз даналық пен ерең еңбекті, шыдамдылық және шексіз ізденісті

талап ететін классикалық өнердің үлкен бөлшегі. Атақты орыс дирижері әрі ұлағатты ұстаз Н. М. Данилиннің «Егер дирижер ұжымды басшы сияқты, бір леппен, өз ниетінше ынталандыру қабілетіне ие болса, онда оның орыны дирижерлік стендте. Ал бұл қабілетке ие болмаған дирижер мамандығын ауыстыру керек»[2,315]деп айтқандай профессор Жаманбаевтың оқыту әдістемесі дирижер мамандығы бойынша толық ақпарат береді.

«Өмір жолын таза интонациямен адымдаңыз»-бұл дәйексөз профессор, ұлағатты ұстаз Базарғали Әжиұлының басты ұстанымдарының бірі. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Дирижерлау» кафедрасының доценті Н. П. Газизовнаның мақаласына үңілсек: «Профессордың педагогикалық қызметіне тоқталатын болсам, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының ең маңызды құрылымдық бөлімшесі «Дирижерлау» Кафедрасын Жаманбаев 2000 жылдан бері басқарып келеді. Базарғали Әжиұлының қол астында кафедраның әдіснамалық бағыттары күшейтілді, барлық дирижерлық арнайы пәндерінде репертуар жаңартылды, хор партитураларын оқу және вокал пәндері ұлғайтылды.

«Мені не мазалайды? Өнер саласына және де оның дамуына жеткілікті деңгейде көңіл бөлудеміз ба? Белгілі болғандай, қазіргі басты проблема бұл экономикалық ахауылдардың негізгі шешімін табу. Бірақта, рухани өмірдің қарқынды дамуынсыз ешқандай проблема шешілмейді. Күн сайын, сағат сайын еліміздің мәдениетін ойлап, дамуына ат салысу –бұл озық зиялылардың, өнер қайраткерлерінің міндеті»[4,39].

Профессордың дирижерлік шеберлігі әрдайым заманға сай келеді. Б. Жаманбаевтың ерекше оқыту әдістемелерінің бірі ол - *тілдік қоры*. Қазіргі таңда дирижер-хормейстер мамандығы бойынша барлық нұсқаулар мен әдебиеттер орыс тілінде. Хорға, жетекшілікке арналған терминдер мен ережелерді анық, нақ етіп өз тілінде түсіндіріп беру Базарғали Әжиұлының ісмерлігін көрсетеді.

Жаманбаев – еліміздегі вокал және хор өнерінің нағыз ұстасы. Базарғали Әжиұлының репертуар таңдаудағы талғамы өте жоғары. Есту қабілеті, интонациямен жұмыс жасауы, дауыс қою, дұрыс дем алу сияқты әдістердің маңызды тәсілдерін қолданады. Бұл туралы Л. А. Айдарбекова өз мақаласында «Базарғали Әжиұлы бір регистрлік, бас резонаторына негізделген дауыс қою әдістемесіне ие. Хор артистінің дауысының табиғатын анықтап, біркелкі дыбысталуды өзіне мақсат етті. Жаманбаевты хормейстер ретінде танығысы келген адамға, мен алдымен оның сиқыршы сияқты дауыс қоятын вокал сабақтарына қатысуды ұсынар едім. Бірақ, өзінің сиқырлы сабақтарында ол көп сөйлемейді, дегенмен бір көзқарасынан, қимыл қозғалысынан бәрін түсінуге болады» [5,33] деп ұстаздың бұл сарында өз ісінің маманы екені айтылған.

«Адамдардың арасында бақытты өмір сүру» - Жаманбаевтың тағы бір ұраны. Бұл дәйектің астында хор өнеріне арналған педагогикалық әдіснамалардың сипаттамасы көрсетіледі. Хор дирижері мамандығы ең алдымен есту қабілетіне сүйенеді. Себебі, хор ұжымын басқаратын жетекші музыкалық деректерін өз бойындағы басты принциптер деп санауы керек. Хор бірегей музыкалық аспап ретінде әншілерден құралған, вокалдық ансамбль. Хордағы ансамбльдің күрделілігінің жоғары деңгейін анықтайтын вокал дауыстарының ерекшеліктері. Хор сөзі белгілі болғандай бұл – ән орындаушылардың жиынтығы. Жаманбаевтың айтуынша, «Хор – бұл пікірлес әншілердің компанисы. Кей операларда хор фон ретінде қызмет етеді, бұл кездегі опералық хормейстердің міндеті – хор жеке ұжым болып емес, оркестрдің сүйемелдеушісі сияқты естілу керек». Ұстаздың тағы бір болашақ дирижерге арналған педагогикалық әдістерінің бірі – «Таңғы этюдтар» мастер-класы мысалында. Педагогикалық ерекшелігі дирижердің қол-қимылы, яғни, қол сермеу әдісі, барлық ұсақ-ірі техникасы осы дәрісте еркіндікке үйретеді. Әр білім алушының сыныпта жасаған тапсырмаларынан тыс, бұл мастер-класта Жаманбаевтың методикалық әдістері көрсетіледі. Аптасына екі рет, бір сағаттан, мұғалімнің айтуынша «Бүкіл әлем ас ішетін кезде, дирижерлар жаттығуын бастайды» демекші, «Таңғы этюдтар» сабағы классикалық түрде, рояльдің сүйемелдеуімен және хордың акапеллалық орындауымен өтеді. Бұл дәріске тек дирижер-хормейстерлер емес сонымен қатар вокалисттер, ұлт-аспап орындаушылары тағы да басқа музыкалық маман иелері қатыса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мастера дирижерского искусства – слово об учителе. Айдарбекова Л. А., Есдаулетова К. А., Абишев А. А., Кузиков Р. К., 2018. – С. 23
2. цит. по: Птица К. Б. О хоровом дирижировании // Птица К. О музыке и музыкантах. – М., 1995. – С. 315
3. Мастера дирижерского искусства – слово об учителе. Айдарбекова Л. А., Есдаулетова К. А., Абишев А. А., Кузиков Р. К., 2018. – С.43
4. Мастера дирижерского искусства – слово об учителе. Айдарбекова Л. А., Есдаулетова К. А., Абишев А. А., Кузиков Р. К., 2018. – С.39
5. Мастера дирижерского искусства – слово об учителе. Айдарбекова Л. А., Есдаулетова К. А., Абишев. А. А., Кузиков Р. К., 2018. – С. 33
6. Мастера дирижерского искусства – слово об учителе. Айдарбекова Л. А., Есдаулетова К. А., Абишев. А. А., Кузиков Р. К., 2018. – С. 24